

<p>ОҢТҮСТИК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p>	<p>52\</p>
<p>Дәрістер жиынтығы</p>	

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: «Органикалық химия»

Пән коды: ОН 2202

БББ : 6 В 10106 «Фармация»

Оқу сағаты/кредит көлемі - 180/6


Оқу курсы – 2 Семестрі – 4

Лекция көлемі:15

Шымкент, 2024ж.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 2

Дәріс кешені «Органикалық химия» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Кафедра менгерушісі, х.ғ.к., проф.м.а  Дәуренбеков Қ.Н.

Хаттама №12 «03» 06 2024ж.

Дәріс №1

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 3

1.Дәріс тақырыбы: Органикалық химия пәні. Органикалық химияның фармацевтикалық білім беру саласындағы маңызы. Органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы.

2.Мақсаты: Гибридизация теориясы және химиялық байланыстардың қасиеті, типтері және органикалық қосылыстардың молекулаларындағы атомдардың өзара әсері туралы білімді қалыптастыру, сомен қатар органикалық қосылыстардың биологиялық және физикалық-химиялық қасиетін анықтайтын органикалық қосылыстардың қышқылдық-негізділігін зерттеу.

Жоспар:

1. Органикалық химияға кіріспе.
2. Химиялық байланыс. Химиялық байланыстардың түрлері.
3. Органикалық қосылыстар молекулаларындағы атомдардың өзара әсері: индуктивті, мезомерлі эффекттер.

3.Дәрістердің тезистері

Органикалық химияға кіріспе

Қазіргі кезде органикалық химияның көміртек және оның қосылыстарының химиясы ретінде анықтайды. Бұл анықтауды А.М. Бутлеров берген.

К. Шорлеммер мынадай анықтауды ұсынды. Органикалық химия ол көмірсутектер мен және олардың туындыларының химиясы және де туындылардың құрамына периодтық жүйедегі барлық элементтер енүі мүмкін


Органикалық қосылыстардың жіктелуі

Көміртек тізбегінің құрылымы бойынша жіктелуі




СН₃-СН₂-СН₃
Қаныққан алифатты қосылыс

СН₂=СН-СН₃ ≡ СН₃ - С - СН
Қанықпаған алифатты қосылыстар




ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 4

**Қаныққан
гетероцикл**



**Қанықпаган
гетероцикл**



**Ароматты
гетероцикл**

Қаныққан алициклді
қосылыс

Қанықпаган алициклді
қосылыс

Функционалдық топтар табигаты бойынша жіктеу

Функционалдық топ - молекуланың химиялық қасиетін анықтайтын құрылымдық бөлігі.

Мысалы: карбон қышқылдарының қасиеті ондағы карбоксидді топтың
-COOH болуымен, спирттерде -OH- гидроксилдің болуымен анықталады.

Класс атауы	Функционалдық топ	Класстың жалпы формуласы
1	2	3
Көмірсутектердің галогенді туындылары	-F, -Cl, -Br, -(Hal) Галогендер	R – Hal
Спирттер, фенолдар	-OH гидроксил (окси)	R – OH
Жай эфирлер	-OR алкохсил	R – OR
Тиолдар (тиоспирттер, мерказтандар)	-SH тиол, мерказто-	R – SH
Тиоэфирлер (сульфидтер)	- SR алкилтиол	R – SR
сульфоқышқылдар	-SO ₃ H сульфон	R – SO ₃ H

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 5



Аминдер	-NH_2 NH амино N-	R-NH_2 R_2NH R_3N
---------	---	--

Функционалдық топтардың саны мен біртектілігі бойынша органикалық қосылыстар:
 monoфункционалды, полифункционалды, гетерофункционалды
 болып бөлінеді.

Монофункционалдық қосылыста бір функционалдық топ болады, полифункционалдықта бірдей екі не одан көп, ал гетерофункционалдықта әртүрлі бірнеше топ болады:

Белгілі бір класстағы қосылыстар гомологтық қатарға бірігеді.

Гомологтық қатар ол әрбір кейінгі тұрған өкіл, өзінің алдындағыдан гомологтық айырма деп аталатын $-\text{CH}_2-$ тобына артып отыратын қосылыс. Мысалы, қаныққан бір атомды, спирттерді түзетін қосылыстар классын, гомологтық қатар ретінде орналастыруға болады:



4. Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
2. Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
3. Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)
4. Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ, 2023. -416 б.

Электрондық оқулықтар:

1. Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері I кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6. Бақылау сұрақтары:

1. «Қосарлану» дегенімізге түсініктеме беріңіз. Анилин, фенол, бутадиен-1,3 молекулаларындағы қосарлану түрін атаңыз.
2. Қосарлану энергиясы дегеніміз не? Ашық және түйік тізбектердегі қосарлану энергиясын салыстырыңыз.
3. Ароматтылық дегеніміз не? Нафталин, антрацен, фенантрен, пиррол, тиофен, фуран, пиридиннің ароматтық шарттарға сәйкестігін түсіндіріңіз. Олардың құрылышын жазыңыз. Пиридин және пирролдың азот атомының электрондық құрылышын жазыңыз.

Дәріс №2

1.Дәріс тақырыбы: Химиялық байланыс және органикалық қосылыстардағы атомдардың өзара әсері.

2.Мақсаты: Химиялық байланыс және молекуладағы атомдардың өзара әсерін түсіну.

Жоспар:

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 6

1. Химиялық байланыс. Химиялық байланыстардың түрлері.
2. Органикалық қосылыстар молекулаларындағы атомдардың өзара әсері: индуктивті, мезомерлі эффекттер.


3. Дәрістердің тезистері

Химиялық байланыс. Органикалық молекуладағы химиялық байланыстардың түрлері

Атомдардың арасында химиялық байланыстың туындауына байланысты олар молекулаға бірігеді. Химиялық байланыс пайда болғанда энергия бөлінеді де жүйе барынша кіші энергиясы болатын күйге ауысады.

Иондық байланыс

Электростатикалық таратылу есебінен иондар арасында түзілетін байланысты иондық деп атайды.



Органикалық қосылыстар үшін иондық байланыс тән емес, мысалы, органикалық қышқыл тұздарында (карбонды, сульфоқышқылда).

Ковалентті байланыс

Коваленттік байланыс әрекеттесуі атомдар өздерінің электронын біріне бірі беріп, екеуіне бірдей, электрон жұбын түзеді.

Байланыс энергиясы - осы байланыс түзілген кездегі немесе осы байланысты бұзу және байланысқан екі атомды бөлу үшін қажетті, энергия саны (шамасы).

Байланыстың полюстігі электрондық тығыздықтың бірдей, біркелкі, тең таралмаудына (полюстенуіне) байланысты.

Полюстіктің себебі - байланысқан атомдардың әртүрлі электртерістілігі.

Электртерістілік - молекуладағы атомның оны басқа атомдармен байланыстыратын валенттік электрон-дарды өзіне тарту қабілеті.

Полинг жасаған электртерістіктің мәндер анықтамалық кестелерде беріледі, кейір мысалы мынадай:

H	S	C	J	Br	Cl	N	O	F
2,1	2,5	2,5	2,5	2,8	3,0	3,0	3,5	4,0


мұнан басқа C_{SP} C_{SP}^2 C_{SP}^3

Байланыстың полярланушылығы ол сыртқы электр өрісінің әсерінен, одан басқа әрекеттесуші бөлшекті қосқандағы, байланысу электрондарының ығысу (ауытқу) өлшемі.

Полярланушылық электрондардың қозғалыштығымен анықталынады.

Донор акцепторлық байланыс

Коваленттік байланыс пайда болғанда әрбір атом оның түзілуі үшін бір электронын береді. Нәтижеде екі ядро өрісінде жылжитын спиндері қарсы бағытта бағытталған электрондар туындаиды. Бірақта химиялық байланыс басқа жолмен де туындауы мүмкін, айтталық бір атомдар электрондық жұбы бөлінбеген, ал басқасында бос орбиталь бар болған жағдайда. Мұндай байланысты донор - акцепторлық дейді.



Сутектік байланыс

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 7

Сутектік байланыс донор акцепторлық байланыстың бір түрі. Күшті электртерістіктік атомдарымен (N, O, F) байланысқан сутек атомында әрқашанда электрон жетіспегендіктен, ол басқа атомдардағы бөлінбеген жұбымен әрекеттесе алды.


Органикалық молекулалардағы атомдардың өзара әсері

Индуктивті эффект, ол «J» белгіленеді және ол он да, теріс те болады, яғни $+J, -J$. Оң мән $+J$ алкилді топтарда болады. Теріс мән $-J$ электртерістілігі көміртек атомынан үлкен (артық) болатын атомдарда кездеседі.


Индуктивті эффект көміртектік қаңқа бойынша беріледі және ол тізбек ұзаған сайын әлсіреп сөне бастайды, оның ең үлкен әсері α -жағдайында байқалады, ал β -жағдайында біраз әлсіздеу, әлсіреген күйде болады және мұнан әрі де солай.

Мезомерлі эффект (түйіндестік эффекті), ол «M» белгіленеді, сол сияқты ол да әрі он, әрі теріс мәнде, яғни $+M$ және $-M$ болады.


Түйіндес (қабысқан) қосылыстарда жай байланыс пен қанықлаған байланыстар кезектесе орын алмаса орналасады, олар атомдардың ашық және түйік тізбекті түрінде болады.





π, π -түйіндесу (қабысу)




π, π -түйіндесу (қабысу)




π, π -түйінде




p, π -түйінде



π, π -түйінде



Акрил альдегиді
(акролеин)



Анилин

Түйіндесу (қабысу) энергетикалық тиімді процесс, өйткені π -байланыстардың электрондарынан делокализациялағандағы энергия бөлінеді. Түйіндескен жүйелерде әркез энергия аз болады.

Қабысу энергиясы – қабысу байланысындағы толық π электронды энергия қосылысы мен барлық жинақталған π -байланыстар энергиясының айырмасына тең.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 8

Мезомерлік эффект - ол орынбасар-лардың электрондық ықпалының π -байланыстар жүйесі бойынша берілуі.

4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады.

5.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
2. Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
3. Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)
4. Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейітжанов –Алматы: ЭСПИ, 2023. -416 б.

Электрондық оқулықтар:

1. Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері I кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6.Бақылау сұрақтары:

1. Индуктивті эффект дегеніміз не?
2. Хлороформ молекуласында орынбасарлардың индуктивті эффекті әсерін графика түрінде көрсетіңіз.

Дәріс №3

1.Дәріс тақырыбы: Органикалық қосылыстардың кеңістіктегі құрылымы.

2.Мақсаты: Органикалық қосылыстардың стереохимиясы туралы білімді қалыптастыру.

Жоспар:

- 1.Құрылым изомерлері. Стереоизомерлер.
2. Конфигурация. Конформация.
3. Энантиомерлер. Хиральды және ахиральды молекулалар.
4. Циклдегі стереохимия.

3.Дәрістердің тезистері

Органикалық қосылыстардың кеңістіктегі құрылымы




Стереохимия органикалық қосылыстардың кеңістікте орналасуы мен құрылымын олардың химиялық және физикалық қасиеттерінің өзара байланысы түрғысынан қарастырып, зерттейді. Органикалық молекулалардың кеңістіктегі орналасқан құрылымы органикалық заттардың көрсететін биологиялық белсенділігіне ықпал етеді.

Стереохимиялық тұжырымдама биохимияны, фармакологияны, фармацевткалық химияны байытады және оның дамуын молекулалық деңгейде жасайды, түсіндіреді.

Изомерлер. Стереоизомерлер мен құрылымдық изомерлерге бөледі.

Құрылымдық изомерлерде химиялық құрамы бірдей, бірақ молекулалың ішіндегі атомдардың қосылу (байланысу) реті түрліше болады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 9



Стереоизомерлерде құрамы мен олардың атомдарының қосылу (байланысу) реті бірдей болып, тиісті молекуладағы жекеленген бөліктердің кеңістіктегі орналасуы әртүрлі (өзгеше) болып келеді.




Органикалық қосылыстардың кеңістіктегі құрылымы көміртек атомының стереохимиялық ерекшеліктерімен байланысқан және де валенттік күйіне, яғни будандасу түріне тәуелді.

Конфигурация - молекуланың белгілі құрылымы - ол бір немесе бірнеше жекеленген (қаныққан) байланыстардың айналасында айналып шыққаннан соңғы, өзгешелікті ескермегендегі атомдардың конфигурацияларының әрқайсысына оның атомдарының кеңістіктегі орналасуының белгілі көрінісіне жауап береді, яғни сәйкес келеді. Тек бір ғана конфигурациясымен өзгешелінетін молекулаларды, конфигурациялық изомерлер деп атайды.

Конфигурацияларды бейнелеп көрсету тәсілдері. Қағазда стереоизомерлерді бейнелеп көрсету үшін конфигурацияларды бейнелі көрсетудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады.

а. Ағаш аралау түғыры

Сыналық жазу.




Этан

Фишердің көлеңкелік проекциялық формулалары

Көміртектің асимметриялық атомы деп, төрт түрлі орынбасрларымен байланысқан атомды атайды. Оны асимметриялық орта немесе хиральды атом хиральды орта деп те атайды.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 10



Энантиомерия. Бір хирадьділік орталығы болатын молекулалар

Энантиомерия – бұл стереоизомерия, екі молекула конфигурациясы, зат және оған сәйкес келмейтін оның айнадағы көрінісі.

Бір хирадьділік орталығы болатын молекулалар тек энантиомерлер жұбы түрінде ғана болады. Жалпы алған жағдайда стереоизомерлердің саны 2^n формуласы бойынша анықталынады, мұндағы n -ассиметриялық атомдар саны. Энантиомерлер үшін $n=1$ және тиісінше энантиомерлер саны екіге тең.




Сүт қышқылының стереоизомерлері



Қалыпты жағдайдағы энантиомерлер бірдей химиялық және физикалық қасиеттерді қорсетеді. Энантиомерлерді оптикалық белсенділігі (активтігі) бойынша ажыратуға болады. Энантиомерлер полярленген жарықтың полярлену жазықтығын айналдыруға қабілетті, яғни оптикалық белсенді болады, осыдан да олардың оптикалық изомерлер атауы тарихпен бірге қалыптасқан. Энантиомерлердегі айналу бұрышының шамасы бірдей, бірақта айналу бағыты бойынша қарама –қарсы (солға(-) және онға (+) айналдыратын энантиомерлер), сондықтан да оларды оптикалық антиподтар деп те атайды.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 11

Глицеринді альдегид энантиомерлер жұбы түрінде болады:



Фишер мен Розанов ұсыныстары бойынша (+) және (-) глицеринді альдегидтердің конфигурациялары тиісінше D және L әріптерімен белгіленді. Олардың молекулалары Фишердің көлеңкелік –проекциялық формуласы бойынша келесі түрде бейнелі көрінеді:



L-(-)-глицерин альдегиді

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 12

Салыстырмалы конфигурация – ол қалыпты (стандартты) үлгі ретінде қабылданған глицеринді альдегидтің конфигурациясымен салыстыратын, конфигурация.

Абсолюттік конфигурация. Бұл үғым, табиғатта кездесетін молекуладағы атомдардың қеңістіктегі орналасуын түсіндіреді. Ол молекулярлық үлгі – нұсқалар көмегімен барынша нақты да бейнелі көрінеді.


Өткен XX ғасырдың ортасына дейін тек салыстырмалық конфигурацияларды анықтап келді.

Конфигурациясы (+) глицеринді альдегидтікіндей (бірдей) болатын қосылыстарға D-конфигурацияны теріп (жазып) келді (Фишер формуласындағы гидроксил тобы оң жақта орналасқан), ал салыстрғандағы конфигурациясы (-) глицеринді альдегидтікіндей болса (Фишер формуласындағы гидроксил сол жақта), қосылысқа L-конфигурацияны жазды.


Рацематтар.

Агрегаттық күйінен тәуелсіздік жағдайындағы, яғни газ, сұйық, кристалды түрінде кездесетін, тең сандық шамадағы энантиомер қоспасынан тұратын өнімді, рацемат деп атайды.


Диастереомерлер. σ- және π- диастереомерия.




D-(-)-рибоза



L-(+)-рибоза



L-(+)-арабиноза



D-(-)-арабиноза


Диастереомер деп энантиомер болмайтын екі стереоизомерді айтады.

Диастериомерлердің бірін екіншісіне ауыстыру әрекетін **эпимеризациялау** деп атайды. Диастериомерлерді σ- және π-диастереомерлерге бөледі.


σ - диастериомерлер. Олардағы барлық орынбасарлар хиралдылық орталығымен σ -байланыс арқылы байланысқан. Эпимеризация σ-байланыстарының аралық үзілуінің немесе тербелуінің арқасында жүзеге асады.

π-дисастереомерлер. Оларда π- байланыс. Эпимеризация π - байланысының үзілуі салдарынан жүреді. Оған цис- және транс- изомерлер мысал болды. Қазіргі кезде π-диастериомерлерді белгілеу үшін E, Z - жүйесін пайдаланады, ол атом нөмірімен анықталынатын, орынбасарлардың үлкендік ретіне негізделген.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 13



I
(+)-шарап
қышқылы



II
(-)-шарап
қышқылы


Екі және одан көп хиральдық орталығы болатын молекулалар. Шарап қышқылының энантиомерлері, π -диастереомерлер. Мезоқосылыштар (мезошарап қышқылы).

Мысалы:



«Z» «E»
1-бром-1-йод-2-хлорэтен

π -байланыс жазықтығының бір жағында орналасқан үлкен орынбасарлары болатын π -диастереомерді Z белгілейді (немісше zusammen- бірге), ер жағындағыны E (немісше entgegen- қарсы)




Мезошарап қышқылы

Конформациялар. Белгілі бір конфигурацияда болатын молекуладағы атомдардың жай қаныққан көміртек көміртек σ байланыстарының айнала сында ішкі (молекула ішіндегі) айналу салдарынан, конформациялар деп аталатын түрі кеңістіктегі есепсіз көптеген жағдайда бола алады.

Ашық тізбекті қосылыштар конформациясы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 14



4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады .

5.Әдебиеттер:

1. Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
2. Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
3. Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)
4. Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ, 2023. -416 б.

Электрондық оқулықтар:

1. Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері I кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6.Бақылау сұрақтары:

1. Конфигурация мен конформацияға түсініктеме беріңіз.
2. Конфигурация мен конформацияны өрнектеу үшін қолданылатын формулаларын жазыңыз.
3. Конформация тұрақтылығына әсер ететін факторлар.
4. Тежелген, қылған конформация түрлерінің құрылышын жазыңыз.н-Бутан, бутантиол-1, бутан қышқылы, коламин, бутаналь молекуласында C-2,C-3 δ-байланысының айналуы кезіндегі конформацияның түрлерін көрсетіңіз. Конформацияның қай түрі энергия жағынан тиімді.

Дәріс №4

1.Дәріс тақырыбы: Органикалық қосылыстардың қышқылдық-негізділігі.

2.Мақсаты: Органикалық қосылыстардың қышқылдық-негіздік қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

Жоспар:

- 1.. Органикалық қосылыстардың қышқылдық қасиеттері.
- 2 Органикалық қосылыстардың негіздік қасиеттері.
- 3.Қатты қышқылдар мен негіздер концепциясы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 15

3.Дәрістердің тезистері

Органикалық қосылыстардың кеңістіктегі құрылымы

Бейорганикалық химияда Аррениус анықтамасы бойынша, ерітіндіде сутек иондарын H^+ беретін қосылыстар қышқыл болады, ал негіздер гидроксил иондарын OH^- береді. Бұл сулы ерітіндіде жүретін реакциялар үшін қолданылады.

Органикалық химияда қышқылдармен негіздердің жалпы қабылданған екі анықтамасы бар – Бренстед пен Льюис анықтамасы.

Бренстед бойынша қышқылдар – ол протондарды беруге қабілетті қосылыстар, яғни Бренстед қышқылы – ол протондарды берушілер – донорлар.

Негіздер –протондарды қабылдауға қабілетті қосылыстар, яғни Бренстед негізі – ол протондарды қабылдаушылар –акцепторлар.


Қышқыл АН және негіз А⁻, сол сияқты НВ⁺ мен В-да түйіндескен (өзара түйісетін жанасатын) қышқылды-негіздік жүптар болады. Льюис анықтамасы бойынша қышқыл болатын қосылыстар өзіне электрон жұбын қосып алуға (қабылдауға) қабілетті, ал негіздер – электрон жұбын беруші қосылыстар. Мұндай әрекеттесудің нәтижесінде коваленттік байланыс түзіледі. Жоғарыда келтірілген осы анықтамадан байқалып тұрғандай, қышқылдық пен негізділік деген салыстырмалы қасиетті көрсететін ұғым еken, бұл қасиеттер тек қышқылдық – негіздік құрамастар (қураушылар) болған кезде ғана, байқалатын құбылыс: қышқыл болуға потенциалы бойынша белгілі де қабілетті қосылыстар тек өзінен құштірек негіз қатнасқан жағдайда қышқыл болады және керінше.

Бренстед бойынша қышқылдық пен негізділік деген, Льюис берген қышқыл мен негіз туралы кең де терең ауқымдағы түсініктің бір бөлігі, жеке жағдайы ғана еken. Льюис берген жалпы тұжырымдаған органикалық реакциялардың басым көшілігін қарастыруға мүмкіндік ашты, онда қатынасын Льюис берген жалпы тұжырымдаған органикалық реакциялардың басым көшілігін қарастыруға мүмкіндік ашты, онда Льюис қышқылдары – электрофильдік реагенттер, немесе Льюис негізі - нуклеофильдік реагенттер, әрине бұл қышқылдық-негіздік әрекеттесу тұрғысынан алып қарастырған жағдайда орындалатын шарт.


Органикалық қышқылдардың түрлері (CH-, OH-, SH-, NH- қышқылдар)

Бренстед қышқылында протонмен байланысқан атомды қышқылдық орталық деп атайды.

Осы қышқылдық орталықтың табиғатына байланысты Бренстед қышқылдарын төрт түрге бөледі:



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 16



Қосылыштардың қышқылдық қасиет-терін сапалық тұрғыдан бағалау үшін, олардың сәйкес түйіндеңен негіздерінің (аниондарының) салыстырмалы тұрақ-тылышымен салыстырады.

Анион тұрақты болған сайын, солғұрлым өзі түзілген, **қышқыл құштілеу**. Өз кезеңінде анионның тұрақтылығы **теріс зарядтың делокализдену дәрежесімен** анықталады. Ерітіндідегі анионның тұрақтылығы екі себепке байланысты:

1. Атомдардың өзара әсеріне(қышқылдық орталықтағы атомдардың полярленушілігі мен электртерістігіне, орынбасарлардың J-және M эффектілеріне).
2. Еріткіштің әсеріне (солватталу эффектісіне).

Органикалық негіздердің түрлері (оксонийлі, аммонийлі, сульфонийлі, π -негіздер)

Бренстед негіздері - протондардың акцепторы (қабылдаушысы), сондыктан протондармен ковалентті байланыс түзуі үшін оның молекуласында не π -байланыстың электрондары, не гетероатомдардың (O, N, S, P, Hal және т.б.) бөлінбеген электрондар бос жұбы қатысуы керек. Бренстед негіздері екі топқа бөлінеді:


π -негіздері, n -негіздері (онийлік).

Алкендер, алкадиендер, алкиндер, арендер жататын π -негіздердегі негізділік орталығы, яғни протондардың қосылатын жері π -байланыстың электрондары.

π -комплекстер үшін қанықпаған байланыстағы көміртектің бір атомы мен протонның арасында басымырақ байланыстың болмауы тән. Олар кейбір жағдайларда σ -комплекске түрлене алады.

Онийлік негіздер (n -негіздер), протонды бөлінбеген электрон жұбына қосып алатын гетероатом табиғатына, яғни негізділік орталығына тәуелділікте жіктеледі:

а) аммонийлік негіздер (негізділік орталығы)



Біріншілік аминдер RNH_2

Екіншілік аминдер R_2NH

Үшіншілік аминдер R_3N

} Алифатты және ароматты қатардағы аминдер

Азометиндер $RCH = NR$

Нитрилдер $RC \equiv N$

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 17

Қосылыштың негізділігі түйіндескен қышқылдың катиондарының салыстырмалы тұрақтылығымен салыстырылады.

Катион тұрақты болған сайын, негіз күшті.

Аниондардың тұрақтылығы сияқты, катиондардың да тұрақтылығы сол жоғарыда берілген екі себепке тәуелді.

1. Молекуладағы катиондардың өзара әсеріне, яғни орынбасарлардың электрондық эффектілеріне (J, M), негізділік орталығындағы атомдардың электртерістілігі мен полярленушілігіне.

2. Сольватталу дәрежесіне.

Қатқыл және жұмсақ қышқылдар мен негіздердің тұжырымдамасы (ҚЖҚН)

Льюис қышқылдары мен негіздері Пирсон пікірі бойынша қатқылға және жұмсаққа бөлінеді. Мұндай жіктелу осы қосылыштардың полярленушілігімен байланысты. **Қатқыл қышқылдар қатқыл негіздермен, ал жұмсақ қышқылдар жұмсақ негіздермен әрекеттеседі.**

Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сомен қатар дәріс кезінде таблицалар қолданылады.

4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады .

5.Әдебиеттер:

1. Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
2. Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
3. Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет.
- с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)
- 4.Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ, 2023. -416 б.

Электрондық оқулықтар:

1. Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері I кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6.Бақылау сұрақтары:

- 1.Бренстед теориясы бойынша қышқылдар дегеніміз не ? Келесі қосылыштарды қышқылдылығы төмендеу қатары бойынша орналастыр: метанол, изопропил спирті, үшіншілік бутил спирті.
- 2.. Бренстед теориясы бойынша негіздер дегеніміз не ? Келесі қосылыштарды негізділігі жоғарылау қатары бойынша орналастыр: метиламин,диметиламин, анилин, этанол, этилмеркаптан, этиламин.

Дәріс №5

1.Дәріс тақырыбы: Көмірсутектердің реакцияға түсү қабілеттілігі (алкандар, алкендер, алкиндер, арендер)

2.Мақсаты: Организмде өтетін реакцияларды анықтайтын негізгі локализдеген және көміртек-көміртек қосарланған қос байланыстардың ашық жүйеде электрофильді қосып алу қабілеті және тетрагоналды көміртек атомының полярсыз δ-байланыстардың гомолиттік типтегі реакция және көмірсутектердің реакцияға түсү қабілеттілігі туралы білімді қалыптастыру.

Жоспар:

- 1.Көмірсутектер. Жіктелуі. Аталуы.
2. Көмірсутектердің химиялық қасиеттері.
- 3.Көмірсутектердің тотығуы.
- 4.Ароматты көмірсутектерге жалпы сипаттама. Жіктелуі. Номенклатуrasesы.
2. Ароматты көмірсутектердің химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 18


3. Ароматты көмірсүтектер туындыларының фармациядағы маңызы.

3. Дәрістердің тезистері

Көмірсүтектер

Көмірсүтектер деп молекулалары тек көміртек пен сутек атомдарынан ғана тұратын органикалық қосылыстарды атайды.

Көмірсүтектер



Алкандар

I. Жалпы формуласы - C_nH_{2n+2} болатын қаныққан алифаттық көмірсүтектер алкандардың гомологтық қатарын түзеді. Оларды қаныққан көмірсүтектер деп те атайды, ейткені олардағы әрбір көміртек атомы сутек атомымен толық қаныққан. Оларды парафиндер деп те атайды. Құрамындағы көміртек атомы төртке тең болатын, яғни C_4H_{10} көмірсүтектен бастап тармақталған (қалыпты) және тармақталмаған алкандар деп те бөледі. Көміртек атомының саны өскен сайын мүмкін болатын құрылымдық изомер саны артады. C_7H_{16} көмірсүтектен бастап құрылымдық изомерлердің бір бөлігінде ассиметриялық көміртек атомы кездесе бастауы мүмкін, ал бұл жай өз кезегінде конфигурациялық изомерлердің пайда болуы нәтижесінде изомерлі алкандар санын одан әрі көбейте түседі.

Алғашқы төрт алкандар CH_4 -метан, C_2H_6 -этан, C_3H_8 – пропан, C_4H_{10} -бутан, тарихи қалыптастырылған есікі (тривиалдық) атау бойынша аталады. Ал C_5 бастау гомологтардың атауы грек немесе латын сандарынан басталып, “ан” жалғауын қосу арқылы құрылады.

C_5H_{12} -н - пентан

$C_{10}H_{22}$ - декан

C_6H_{14} - н - гексан

$C_{12}H_{26}$ - (додекан) -355

C_7H_{16} - н – гептан

$C_{20}H_{42}$ - (эйкозан) -3666319

C_8H_{18} - н – октан

C_9H_{20} - нонан

$C_{100}H_{202}$ - (гектан) -5,921 10^{40} шамасында

C_5H_{12} - үш изомері бар C_7H_{16} - 9 изомері (екі стереоизомері,

7- құрылымдық изомері) бар

C_8H_{18} - 18

$C_{10}H_{22}$ - 75

II. Алкандардың табиғаттағы көзіне табиғи газ берілген мұнай жатады. Мұнай өнеркәсібіндегі алкандарды мұнайдан айдау арқылы алады. Қазіргі кезде мұнай мен табиғи газдан алкандарды алудың жетілген әдістерін қолданады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 19

III. Алкандар қалыпты жағдайда белсенді емес. Олар қаныққан күкірт қышқылымен, азот қышқылымен, сілтілермен және сілті балқымасымен де әрекеттеспейді, калий перманганатында KMnO_4 , хром қоспасында (калий бихроматында) және қаныққан күкірт қышқылында тотықпайды. Алкандардың химиялық тұрақтылығы C-C пен C-H- тағы σ -байланыстардың жоғары беріктігімен, сол сияқты полярлы болмауымен, яғни ядролар арасындағы кеңістікте электрондық тығыздылықтың симметриялы таралуымен түсіндіріледі. Электрондық тығыздылықтың бір қалыпты да тен таралуы сутек атомындағы (2,1) және sp^3 -будандасқан күйде болған көміртек атомындағы (2,5) электртерістіктердің арасындағы шамалы айырмашылығымен байланысты. Алкандардағы полярлы емес C-C және C-H байланыстары иондық үзілуге бейім емес, бірақ та белсенді бос радикалдардың әсерімен гомолиттік бөлінеді. Бос радикалдарды үш жолмен алуға болады.

1. Термолиз, яғни жылу энергиясының есебінен ковалентті байланыстың ажырауы.
2. Фотолиз, яғни ультракүлгін сәулемен әсер еткен кездегі байланыстың ажырауы.
3. Тотығу - тотықсыздану процестеріндегі радикалдардың түзілуі.

Яғни алкандар, SR таңбалы белгімен көрсетілетін, радикалды орынбасу механизмі бойынша жүретін реакцияға түседі.

Құрамында біріншілік, екіншілік және үшіншілік көміртек атомдарының қоспасы болатын алкандарды галогендеу, орынбасу өнімдерінің изомерлік қоспасына алуға әкеледі.

Олардың арасындағы ара қатнастықтың мөлшері реакция жағдайына, реагент пен реакциялық ортаның табиғатына тәуелді.

Радикалдық реакция бағытын анықтайтын келесі бір себептер, ол радикалдық реагенттің табиғаты мен температура. Мысалы хлор радикалының белсенділігі соншалық, ол таңдал, талдамастан, кез келген көміртек атомындағы сутектікпен байланысты үзе береді.

Ал реакцияласу қабілеттілігі аса жоғары емес бром радикалы аса жоғары емес температурда жақсы таңдампаздық көрсетеді. Сондықтан да изобутанды бромдау нәтижесінде толығымен (99%) третбутилбромид алынады,

Региотаңдампаздық немесе нақтылы жердегі не аймақтық таңдампаздық ол берілген реакцияның молекулада мүмкін болатын бірнеше реакциялық орталықтардың тек бір ғана бағыты бойынша басымдықпен жүруі.

Вазелин майы-он беске дейінгі көміртек C_{15} атомы болатын алкандар қоспасы, дәмі де, иісі де жоқ, түссіз сұйықтық, медицина мен парфюмерияда қолданылады. Ол техникадағы тотығу мен қышқылға қарсы пайдаланылатын жақпа майлар негізін құрайды.

Вазелин- C_{25} дейін болатын сұйық және қатты алкандар қоспасы. Ол медицинадағы жақпа майлар негізі.

Парафин – $\text{C}_{18}-\text{C}_{25}$ дейін болатын масса, оны дарыта сініріп өндеген қағаз, кездеме, ағаш сияқты заттар мен материалдар гидрофобты қасиетке ие болады, яғни оларға су жүқпайды. Медицинада физиотерапевтік емдеулер үшін қолданылады.

Тұйық алкандар

Тұйық алкандар деп – тұйықты түзетін барлық көміртек атомдарының бәрі sp^3 -будандасқан күйінде болатын жабық тізбекті көмірсутектердің атайды.

1. Жіктелуі мен аталуы. Тұйықалкандарды тұйықтың өлшемі, тұйық саны және тұйықтарды алу тәсілдері бойынша жіктейді.

Тұйық алкандарды тұйық өлшемі бойынша кіші тұйыққа (ұш, төрт мүшелі), кәдімгі жай тұйыққа (бес, алты, жеті мүшелі), орташа тұйыққа (сегіз- он бір мүшелі) және макро не үлкен тұйыққа (он екі және одан да көп мүшелі) бөлінеді.

Молекула құрамына енетін тұйықтардың санына орай, тұйықалкандарды моно- бір тұйыққа және поли- көп тұйыққа бөлінеді.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 20



Спиранды
жүйе




Конденсирленген
жүйе




Баспалдақтың
жөпшешелі жүйе

Изомерия


а) сақинадағы, яғни, түйіктағы түрлі өлшемге орай.



1,1-диметилтүйік-
пропан




Метилтүйікбутан




Түйікпентан


ә) сақинадағы (түйіктағы) орынбасарлардың түрлі орналасуына
сәйкес



1,2-диметил-
түйікгексан




1,3-диметилтүйік-
гексан




1,4-диметил-
түйікгексан

Бұйір тізбектің түрлі құрылымына қарай




Пропилтүйікгексан




Изопропилтүйікгексан

Геометриялық изомерия, ол түйік алкандардағы түйік (сақина) орналасқан жазықтыққа орынбасарлардың түрлі қатнаста болып орналасуымен байланысты пайда болады Оптикалық изомерия, ол түйік алкандар үшін тән, оның молекуласында жазықтықтың симметриясы болмайды. Демек ол геометриялық изомериямен байланысты, яғни үзіліссіз байланыста болады. Мысалы, транс-1,2-диметилтүйікпропан энантиомерлердің жұбы түрінде болады:

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 21




Тұрықалқандар




ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 22


Химиялық қасиеттері



Үшмүшелік және төртмүшеліктер орынбасу реакциясымен қатар, сақинаның ашылуымен жүretін қосылу реакциясына да түседі. Мысалы,



Түйықбутан сутекті бір шама жоғарылау (200^0C) температурада қосады. Түйықпропан галогендермен және сутекті галогендермен де әрекеттеседі:



Орынбасары бар, яғни алкилалмасқан түйықпропанға сутекті галогендердің қосылу Марковников ережесіне сәйкес жүреді.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 23


Кұрамында еki немесе үш байланыс болатын



Метилтүйықпропан

2-Бромбутан










қосылыстар қанықпаған деп аталады, өйткені мұндай қосылыстар өзіне сол еki немесе тиісінше үш байланысы бойынша қосып ала алады:




Кұрамында C C қос байланыс болатын қанықпаған қосылыстарды алкендер немесе олефиндер деп атайды. Олардағы көміртек-көміртек π - байланыстары (60 ккал/моль), σ - байланысқа қарағанда (80 ккал/моль) әлсіздеу болатындықтан, реагенттің шабуылы сол π -жүйеге бағытталады.

Атаулары сәйкес болатын алкандар атауларындағы -ан жалғауын -ен жалғауына алмастырады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 24




Изомерия. Олефиндер қатарында көміртектік тізбек құрылымына байланысты болатын изомериямен қатар, тізбектегі қос байланыстың орналасу жағдайымен де байланысты болып келетін құрылымдық изомерия да байқалады.




OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 25


Мұнан басқа, олефиндер қатарында, геометриялық деп аталатын кеңістіктегі изомерия да кездеседі. Қазіргі кезде бұл изомерияны π - диастереомерия деп атайды, өйткені көміртек атомдарының арасындағы σ - байланысының осі айналысқанда π - байланысының еркін айналуына мүмкіндік бермейді қос байланысқа салыстырмалық жағдайда орналасқан кеңістіктегі орынбасарлардың қандай жерге (арынға) орныққанымен байланысты.




Z-2-бутен



E-2-бутен




E-2-бром-1-нитро-пропен



Z-2-бром-1-нитропропен

Көп галогенді туындылардан галогенді сутектердің бөлінуі




3-метил-2-хлорбутан

2-метил-2-бутен

Зайцев ережесі (1857). Көмірсутектің галогенді туындыларынан галогенді сутек немесе су бөлінгенде сутек немесе су бөлінгенде сутек атомы ең аз сутек атомы бар көміртек атомынан (барынша аз гидрогенделген көміртектен) бөлінеді.

Зайцев ережесі Морковников ережесінен көрісінше (онда атомдардың өзара ықпалдасуы көрініс тапқан).




2-метил-2-бутен


Электрофильді қосылу реакциясы (Аe)

Мұны бромдау реакциясының мысалында қарастырайык

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 26




Алкендерді бромдау реакциялары үшін оған кеңістіктік бағыттылық тән болмақ (транс-қосылу). Бұған орай A_E реакция болып келетін, бромдау реакциясының механизмін, келесі нұсқа бойынша жазуга болады:




Гидратация – қышқылдық катализдің рөлі.

Алкендердің сумен әрекеттесуі, A_E реакциясы ретінде, сатылы өтеді (жүреді). I саты - π - кешеннің түзілуі.

Су өте әлсіз қышқыл болғандықтан, ол алкендерді протондай алмайды. Ондағы электрофилдік бөлшектерді-протондарды жеткізуіші, катализатор-өршіткі ретінде қолданылатын құқырт қышқылы болмақ. Протон қос байланыстың π -электрондық тығыздылығымен-негізділігімен әрекеттеседі де π - кешен-комплекс түзеді.




II саты- π -кешеннің σ - кешенге түрленуі-айналуы.



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 27

III саты –карбкатионның нуклеофилдік шабуылы.



О-протонданған спирт

Осындағы протонданған спирттің өзінен протонды бөліп шығаруы соңғы өнімді трет-бутил спирттің түзілуіне әкеледі.

Судың 2-метилпропенге қосылу реакциясы региотаңдаулы өтеді, яғни мүмкін болатын екі изомерлік өнімнің біреуіне әкеледі. Ол Марковников ережесі бойынша өтеді, яғни сутек қос байланыстағы сутек атомы көп болатын көміртек атомына қосылады, ал гидроксил тобы немесе галоген атомы, сутек атомы аз не мулдем жоқ көміртек атомына әрине, мұндайда реакция тұрақтылау карбкатионның түзілуі арқылы өтеді.

Алкадиендер

Диенді көмірсүтек молекуласында екі қос байланыс болады, яғни оларға сәйкес болатын қаныққан көмірсүтектен төрт сутек атомына кем. Алкадиендердің жалпы формуласы C_nH_{2n-2} . Құрамындағы қос байланыстардың өзара және қандай жерде орналасуына орай диенді көмірсүтектерді негізгі үш түрге бөлуге болады:

1. Кумулирленген (жинақталған) диендер, ол аллен және оның гомологтары $C=C=C$
 $H_2C=C=CH_2$ аллен.

Орайласқан (коныюғирленген) диендер-дивинил және олардың гомологтары.



Дивинил

2. Қос (еселенген) байланыстары оқшауланған диендер
 $C=C-(CH_2)_n-C=C; n \geq 1$

Алкадиендерді жүйелік атаулар бойынша атайды. Сол сияқты оны этилендік атаумен де аттай береді, тек мұнда ен жалғауы **диен** дегенмен алмасады.


Алкадиендердің -1,3 химиялық қасиеттері

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 28


1. Гидролейу



2. Галогендерді қосу




3. Гидрогалогендеу



Алкиндер


Алкиндер деп $\text{C}\equiv\text{C}$ -көміртек- көміртекті үштік байланысы болатын көмірсүтектерді атайды. Қарапайым алкиндер $\text{C}_n\text{H}_{2n-2}$ жалпы формуласымен сипатталады. Ацетилен C_2H_2 - осы топтағы ең жай да қарапайым өкілі, сондыктан оларды “ацетилендер” немесе орынбасқан ацетилендер деп те атайды.

Ацетилендік көмірсүтектердің жүйелік (ИЮПАК) атау бойынша, қаныққан көмірсүтектердегідей атап, тек ан жалғауы ин жалғауына ауыстырылады.




Этиин, ацетилен
пропин, метилацетилен
1-бутин, этилацетилен
2-бутин, диметилацетилен
1-пентин, пропилацетилен
2-пентин, метилэтилацетиллен
3-метил-1-бутин, изопропилацетилен
Бут-1-ен-3-ин, винилацетилен

Тағы да мына төмендегідей атауларды қолданады:



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 29


Алу әдістері: Кальций карбидін сумен әрекеттістергенде ацетилен алынады.





Химиялық қасиеті.

Электрофильдік қосылу реакциялары.

1. Гидрлеу-сұтектендері




2. Ацетилендерді галогендеу, олефиндермен салыстырғанда баяу жүреді де транс-галогеналкендер түзіледі.



Гидрогалогендеу

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 30



Ароматты қөмірсүтектер (арендер)

Ароматты қөмірсүтектерге молекуласында бір- моно не бірнеше-көп-поли бензолдық сақиналары болатын қосылыштар жатады. Сол сияқты олар үшін де арендер атауы қолданылады.

Молекула құрамына енетін бензолдық сақинаның санына байланысты бір ядролы (моноядролы) және көп ядролы (полиядролы) арендерге бөледі. Көп ядролы арендер конденсирленген сақинасы бар және сақинасы оқшауланған болып бөлінеді.

Ароматты қосылыштар деп әдетте бензол ядросы алты қөміртек атомдарының топтасуларынан құралған, сақиналанған карбтуйықтықтан тұратын молекуланы айтады. Құрамында мұндай топтасуы болатын қөмірсүтек- бензол.

Ароматты қосылыштарда бензол ядросының болуына байланысты ароматтылық қасиет көрсетеді, ал бензолдық ядроны - ароматты ядро деп атайды.

Ароматтылық қасиет (ароматтылық) – бензол және оның туындылары қанықпаған қосылыш бола тұрып, электрофильді орынбасу реакциясына бейім және де ароматты ядро аса тұрақты.

Жалпы түрдегі ароматтылық құбылысын неміс физигі


Э.Хюккель қалыптастырған және ол Хюккель ережесі ретінде белгілі. Бұл ережеге сәйкес, ароматты молекулаларда жазық түйіктық σ-қаңқа мен жалпы π - электрондар болуы керек, ал ондағы π - электрондардың саны $4n+2$ тең болып, ондағы $n = 0, 1, 2, 3$ және т.б. тең. Тек осындай жағдайда ғана молекула ароматты сипатқа ие бола алады. Жалпыланған π - электрондар саны 6,10, 14 және т.с.с. болуы мүмкін.

Ароматты қөмірсүтектер - әдетте сүйкіткіштік күйінде жи, ал қатты зат күйінде сиректеу кездеседі. Күшті іісі бар. Бензол 800С қайнайды, бұл өзіне сәйкес циклогександікінен (68,80С) жоғары.


Ароматты қөмірсүтектер суда мұлдем ерімейді. Олардың буымен ұзақтау демалғанда, ол уландырады. Ароматты қөмірсүтектер қосылу реакцияларымен салыстырғанда, электрофильді орынбасу реакцияларына үлкен бейімділік байқатады. Сондай-ақ бензолдық сақинаға да үлкен тұрақтылық тән. Осы ерекшеліктер арендердің «ароматты сипатын» анықтайады.

Электрофильдік орынбасу реакциясы (SE)


Электрофильді орынбасу процесін келесі сұлбамен көрсетуге болады:



Галогендеу.




Нитрлеу.




OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы Дәрістер жиынтығы	044-5218 80 беттін 32

Сульфирлеу.




π -кешени




σ -кешени

Алкилдеу.




Ацилирлеу.



Ацилий-катион

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 33



I орынбасарлардың

әсері.

I және II тектегі бағыттаушылар.

Электродонорлық орынбасарлар (I тектегі бағыттаушылар) бензолдық сақинадағы электрондық тығыздылықты жоғарылатады да осы арқылы π - кешенниң түзілуі жеңілдетеді және σ - кешенді тұрақтандырады, яғни S_{E} реакциясын белсенді етеді. Оларға OH^- , OR^- , RCOO^- , SH , NH_2 , NHR , NR_2 , NHCOR , $-\text{N}=\text{N}-$, CH_3 , CH_2R , CR_3 , F , Br , J жатады.

Алынған I тектегі орынбасарлар (галогендерден басқасы) электрофильдік реагенттермен жүретін реакцияларды жеңілдетеді, және де олар жаңадан пайда болатын орынбасарларды орто- және пара- жағдайға бағыттайды.

Электронакцепторлық орынбасарлар (II тектегі бағыттаушылар) төмендетеді де сол арқылы π - кешенінің түзілуін қынданатады, ал σ -кешен шамалы тұрақтандырады, яғни S_{E} реакцияларының жүруіне ықпал етпейді. Оларға SO_3H , NO_2 , CHO , COR , COOH , COOR , CN , CCl_3 , NR_3 және т.б. жатады.

Алынған II тектегі орынбасарлар электрофильдік реакциялардың жүруін қынданатады және де олар жаңадан түзілетін орынбасарларды мета - жағдайға бағыттайды.


Тұйық арендер

Көп тұйық арендердегі бензол сақиналары өзара бірімен - бірі тікелей қосылуы мүмкін немесе метандағы, этандағы және т.б. сутек атомдарының орнына қосылады.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 34

Бифенил.


Бифенил молекуласындағы бензолдың екі сақинасы өзара бірімен бірі σ -байланысымен байланысқан:



Бифенил


Дифенилметан.

Дифенилметан молекуласындағы бензолдың екі сақинасы өзара метиленді топ арқылы жалғасқан:




Үшфенилметан.

Үшфенилметил метанның үш рет орынбасқан туындысы және ол оқшауланған үш бензол сақинасымен бірігеді:




Көп тұбықты арендер


<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p>	<p>044-5218 80 беттің 35</p>
<p>Дәрістер жиынтығы</p>	



Антрацен



Ароматтылық бойынша салыстырған кезде арендердің көзі болып саналатын бензол сақинасы ең күшті ароматтылық сипатқа ие болады екен, өйткені π - электрондық бұлт бензолдағы алты көміртек атомдарының арасында тендей таралады. Фенантреннің, нафталиннің және антраценнің ароматтылығы, осы рет бойынша азаяды, бұл конденсирленген арендер молекуласындағы электрондық тығыздылықтың төмендеуіне күэ.



4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады.

5.Әдебиеттер

Негізгі:

- Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
 - Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
 - Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)
 - Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ
- Электрондық оқулыктар:**
- Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері I кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 36

6. Бақылау сұрақтары:

- Пропанды бромдау мысалында радикалды орынбасу реакциясының талғампаздығын көрсетіңіз.
- Алкендердің электрофильді қосылу реакциясына бейімділігін, электрондық түрғыдан түсіндіріңіз.
- Этилен, пропилен, бутен-1, 2-метилпропеннің қышқылды ортада галогендеу және гидрогалогендеу реакцияларын жазыңыз.

Дәріс №6

1. Дәріс тақырыбы: Көмірсутектердің галогентуындылары.


2. Мақсаты: Реагенттің типіне және субстраттың құрылышына тәуелді элиминирлеу және нуклеофильді орынбасу реакцияларында көмірсутектердің галогентуындылардың реакцияға түсү қабілеттілігі туралы білімді қалыптастыру.

Жоспар:


- Нуклеофильді орынбасу реакцияларының механизмі (S_N^1 , S_N^2)
- Бөліну реакциясы, механизмі. Зайцев ережесі.
- Алкенилгалогенидтер. Аллил және винилгалогенидтер.

3. Дәрістердің тезистері


Атаулары




хлорметан, хлорлы метил
хлорэтан, хлорлы этил
1-хлорпропан, хлорлы пропил
2-хлорпропан, хлорлы пропил немесе
хлорлы екінші пропил



2- метил-1- хлоропан, хлорлы изо-бутил



2-метил-2-хлорпропан, хлорлы үшінші бутил




дихлорметан, хлорлы метилен



трихлорметан, үшхлорметан, хлороформ



тетрахлорметан, төртхлорметан, төртхлорлық көміртек




1,1,2,2,-тетрахлорэтан



хлорэтен, хлорлы винил



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 37





2. Алу жолдары

Көп галогенді туындыларды алу:

- а) қаныққан көмірсұтектерден – орынбасу реакциясымен
- ә) олефиндермен- галогенді сүтектерді қосу арқылы
- б) спирттен-галогенді сүтектің және фосфор галогенидінің реакциясымен.



Альдегид



ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 38

3. Нуклеофилді орынбасу реакциясы (S_N^2 , S_N^1), механизмі.


Көмірсүтектердің галогенді туындылары бұрын мазмұндалған көмірсүтектерден көміртек-галоген ковалентті байланыстың болуымен өзгеше болады. Бұл байланыс элементтердің электртерістігі әртүрлі болуына орай күшті полярленген болады, ал ол өз кезегінде орталығында ішінәра он зарядтаған ($\delta+$), электроны тапшы болып келетін көміртек атомын туыннатады.



Мұндай атом электрофильді болады және ол нуклеофилді шабуылға душар болады. Реакция жүруі кезіндегі байланыстың

күштілеу полярленуі салдарынан оның гетеролитті үзілуі жүреді де нуклеофилге алмасуы іске асады:

Нуклеофилді орынбасу реакциясының жалпы сұлбасы



$$X = Cl, Br, J$$

Жаңа C-Nu байланыстың түзілуі нуклеофил ө жұбының есебінен жүреді. Олар гетероатомда болінбеген электрон ө жұбы болатын, аниондар және бейтарапты молекулалар

(H_2O , KOH , NH_3 , RNH_2 және т.б.).


Спирттерді ROH , тиолдарды RSH , тиоэфирлерді RSR , (сульфидтерді), нитрилдерді RCN , жай эфирлерді ROR , бірінші аминдерді RNH_2 екінші аминдерді R_2NH , үшінші аминдерді R_3N , төртінші аммоний түздарын $R_4N^+X^-$ алуға болады.

Егер болінетін анион реакцияга түсушіден күштілеу болса, онда тек осындағы жағдайда гана нуклеофилді орынбасу реакциясы жүзеге асады.

Нуклеофилді орынбасу реакциясы субстраттың күрылымынан, реагент типі мен реакциялық ортага тәуелділікте екі механизм бойына журе алады:

OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 39

S_N^1 -мономолекулалық нуклеофилді орынбасу



S_N^2 - бимолекулалық нуклеофилді орынбасу




S_N^1 кезіндегі реакция жылдамдығы $V=K [RX]$ ең баяу жүретін саты (шектеуші) саты бойынша анықталынады, ал онда тек бір қосылыс –субстрат RX ғана қатнасады. Субстрат молекуласы мен кетуші топты түзе отырып диссоцияланады.

Нуклеофилді реагент концентрациясының өзгеруі S_N^1 орынбасу реакциясының жылдамдығына іс жүзінде өсер етпейді. Өйткені карбкатионн жазық, нуклеофилдің шабуылы кез келген жақтан жүргүп мүмкін және де егер өзелі молекула хиралды болса, реакция өнімі рацемат, яғни энантиомерлердің қоспасы болуы керек.

S_N^2 кезіндегі реакция жылдамдығы $V=K[Nu][RX]$ өрсекеттесуші екі заттың (субстрат пен реагенттің) концентрацияларына пропорционалды. Нуклеофилдің шабуылы және кетуші топтың бөлек бөлінуі бір мезетте аратық карбкатионсыз жүреді. Кіретін нуклеофил молекулага кетуші топқа қарсы жағынан келеді, және **аудиспалы күйдегі** $C-X$ байланысының үзілуі жаңа $C-Nu$ байланыстың түзілуі бойынша жүреді. Бұл "молекуланың бұрыла тарығуына" өкеледі кейде мұны, **конфигурацияның айналу** риякциясы деп атайды.

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 40




Егер өуелгі зат оптикалық белсенді болса, онда реакция өнімі де оптикалық белсенді болады.

Орынбасар көлемі аса ұлken емес бірінші және екінші алкилгалогенидтер SN_2 бойынша әрекеттеседі, үшінші SN_1 бойынша.




Аммоиолиз Галогеналкилдер аммиакпен және аминдермен әрекеттескен кезде оларды алкилдей отырып, бірінші, екінші немесе үшінші аминдерді, сол сияқты аммоний негізінің тұздарын да түзеді. Бірінші аминнің түзілуі реакциясына мысал келтірейік:



Нитрилдердің алдынуы



Галогенді туындылардың ацетолизі




Бөліну реакциясы (элиминирлеу, E), механизмі.

Алкилгалогенидтер үшін, орынбасу реакциясынан басқа, элиминирлеу (бөліну, E) реакциялары да тән. Галоген атомының әсерінен көрші β-көміртекті атомындағы C-H байланысының электрондық тығыздылығы көміртек атомына ығысады және сутек атомы қозғалғыштау, яғни "қышқылдау" болады.



Молекулада CH- қышқылдық орта пайда болады. Бір сэтте нуклеофил де болатын, негіз әсерінен, галогенді ығыстыру мүмкіндігімен қатар, көрші көміртек атомынан протонды бөлу (элемирлеу) жүре алады:

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 41




Элимиреу реакцияның нәтижесінде алken түзіледі. Бұл реакцияларды дегидрогалогендеу деп атайды, яғни онда көрші көміртек атомынан протонның және галогенид-ионның бөлініп шығу процесі (реакциясы) жүреді.

Реакцияны элимиреу жолына бағыттау үшін, яғни алken алуға арнау керек болса, аз полярлы еріткішті және күшті негіздің үлкен концентрациясын пайдаланады, мысалы KOH спирттегі концентрлі ертіндісін.

Элимиреу реакциялары үшін екі механизм болуы мүмкін – бимолекулалық бөліну E2 және мономолекулалық бөліну E1. Демек, S_N^2 механизмиңе E2, ал S_N^1 -E1 сәйкес болады.


Бөліну реакцияларындағы бірінші алкилгалогенидтер бимолекулалық элиминирлеу E2 механизмі бойынша гидрогалогенирленеді.

Бимолекулалық элимирену E2 синхронды механизм бойынша жүзеге асады, мұны келісілген элимиреу деп те атайды.




шектеуші сатысы (карбкатионның түзілуі) болады. Е1 механизмі бойынша элимирлеу өрқашанда орынбасу онімдерімен қатар жүреді, және де орынбасу өнімдері элимирлеу өнімдерінен жиірек басым сандық мөлшерде болады.

Реакцияның бірінші сатысында тұрақты үшінші карбкатион түзіледі:



Екінші сатыда негіз кез келген көрші β - көміртектік атомнан протонды бөліп ала алады. Кабкатионның түзілуі шектеуші саты болатындықтан, негіздің күші айқындаушы рөл атқармайды. Элимерлеуді этил спиртің ортасында немесе KOH спиртті ерітіндісінде, немесе калий этоксидінде жүргізуге болады.



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 43

Элимирлеу реакциясының нәтижесінде реакциясының екі енімі түзіледі. Зайцев ережесі бойынша басымдау орынбасқан алken түзілуі керек, өйткені ол тұрақтылау. Алкилгалогенидтердің басым көпшілігі үшін бөліну Зайцев ережесіне бағынады.

Реакция нәтижесінде Гофман ережесі бойынша аздау орынбасқан алken түзіледі. Жоғарыда келтірілген реакциядағы 2-метилбутен-2-нің (басымдау орынбасқан Зайцев ережесі бойынша) және 2—метилбутен-1-нің (аудау орынбасқан алken Гофман ережесі бойынша) қатнасы 4:1 болады.

Зайцев ережесін түсіндіру.

Қос байланыстағы алкилдік топ санының көбейі осы байланыстың тұрақтылығын арттырады. Сондыктан барынша орынбасқан алken түзіледі.

4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады.

5.Әдебиеттер:

Негізгі:

- Патсаев Ә.Қ. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
- Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
- Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)

4.Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ

Электрондық оқулықтар:

Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері 2 кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6.Бақылау сұрақтары:

- Алкилгалогенидтердегі электрон тығыздығының таралуын көрсетіңіз.
- Этилхлоридті этил спиртінен алу мысалында нуклеофильді реакция механизмін түсіндіріңіз.
- Н-пропилбромидтің аммиакпен, натрий цианидімен, натрий этоксидімен әрекеттесу реакциясының схемасын жазыңыз.
- Нуклеофиль дегеніміз не?
- Метил иодидінің калий гидроксидімен сулы ортадағы реакциясын көрсетіңіз.

Дәріс №7

1.Дәріс тақырыбы: Көмірсутектердің гидрокситуандылары. Жай эфирлер және сульфидтер.
Аминдер.

2.Мақсаты: Реагенттің типіне және субстраттың құрылышына тәуелді элиминирлеу және нуклеофильді орынбасу реакцияларында спирттің реакцияға түсі қабілеттілігі туралы білімді қалыптастыру.

Жоспар:

- Спирттердің жіктелуі және номенклатуrasesы.


2. Спирттердің химиялық қасиеттері.

3. Спирттердегі нуклеофильді орынбасу реакциялары. Молекулаішіндік және молекулааралық дегидратация.

3. Дәрістердің тезистері

Көмірсутектердің гидрокситуындылары Жіктелуі.

Гидроксилді топ $-\text{OH}$ спирттер мен фенолдардың аса маңызды екі топтағы қосылыстардың функционалдық тобы болады. Фенолдағы ол бензол сақинасындағы көміртек атомымен sp^2 - будандасу арқылы байланысқан және бұл оған ерекше химиялық қасиет береді. Спирттегі OH -топ көміртек атомымен sp^3 - будандасу арқылы байланысқан. Мұндай типтегі гидроксилді топтар тұрақты.













Кето-енолдық таутомерия. Тепе-тендік оксоқосылыстардың түзілу жағына қарай ығысқан, өйткені оттек атомының болінбей қалған жұптарының p -электрондары мен π -байланыс электрондарының арасында енолдағы p,π -орайласу (қабысу) жүзге асады.

Спирттерді шартты түрде үлкен үш топта бөледі: жай спирттер, стероидтар, көмірсулар. Бұл топтар көміртек атомы sp^3 - будандасу арқылы OH -пен байланысқан байланысы бар, көптеген қосылыстардың маңызы үлкен.





OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 45

Аталу. Спирттерді атаудың үш жүйесі бар: ИЮПАК жүйесі, карбиналдік жүйе және рационалдық (спирттік) жүйе.
 ИЮПАК жүйесі бойынша сәйкесті алкан атауына олжалағуын қосып атайды.







Физикалық қасиеттері



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 46

Бір атомды спирттер
 Бір атомды спирттерде бір гидроксиді топ болады.
 R-OH (жалпы формуласы).




Химиялық қасиет
Спирттердің қышқылды-негіздік қасиеттері
Алкоголяттың түзілуі

Екідайлық спирттер. Спирттегі гидроксиді – OH тобындағы байланыс полярлы болғандыктан, одан протон бөлініп шығады да алкоголят (алкоксид) иондары түзіледі. Спирттер сумен салыстырғанда өлсіздеу қышқыл. Біріншіліктен екіншілік спирттерге аудықсан тұстағы алкилдік топтардағы +J-пәрменділік салдарынан қышқылдық төмендейді. Керісінше гидроксиділік топқа қатнаста α-жағдайда болатын –J-пәрменділігі бар орынбасар, оның қышқылдылығын жоғарылатады.



Натрий, калий, магний немесе алюминий сияқты күшті он электрлі металдармен, спирттер өрекеттесіп, алкоголят (алкоксид) түзеді, мысалы:

Na



Спирттердің нуклеофилдік қасиеттері: жай және күрделі эфирлердің түзілуі.

Спирттер минералдық және органикалық қышқылдармен өрекеттесіп, сәйкес күрделі эфир және су түзеді:



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 47

Минералдық және органикалық қышқылдары күрделі эфирлерінің түзілу реакциясы қайтымды: белгілі бір кезеңде тепе-тендік орнайды. Бірінші спирттер үшін бір және сол қышқыл алынған кездегі күрделі эфирлердің түзілу жылдамдығы, екіншімен салыстырғанда, шамамен екі есе үлкен, және ушіншімен салыстырғанда, 20 есе жоғары.

Спирттердің молекулааралық дегидратациясы. Спирттің екі молекуласынан концентрлі H_2SO_4 , сусыз H_3PO_4 немесе Al оксиді немесе фосфаты сияқты катализаторлардың қатысында судың молекуласы бөлінеді, муның нәтижесінде жай эфир алынады. Реакция процессті жүргізу жағдайы мен құрылымына орай S_N1 және S_N2 механизмдері бойынша жүруі мүмкін (орынбасу нуклеофилді мономолекулалық және бимолекулалық).

4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде таблицалар қолданылады.

5.Әдебиеттер

Негізгі:

- Патсаев Ә.К. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
- Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.
- Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)

4.Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ

Электрондық оқулықтар:

Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері 2 кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6.Бақылау сұрақтары:

- Этил спирттің дегидратациялау реакциясының схемасын жазыңыз.
- Этил спиртті гидратациялағанда түзілетін өнімді атаңыз.
- 2- хлорпропан натрий этоксидімен әрекеттескенде алынатын қосылыстың механизмін жазыңыз.
- Этил және трет-бутил спирттің дегидратациялау реакциясын жазыңыз.

Дәріс №8

1.Дәріс тақырыбы: Альдегидтер мен кетондардың реакцияға түсу қабілеттілігі.

2.Мақсаты: Құрамында карбонил тобы болатын қосылыстардың химиялық қасиеті туралы түсінікті қалыптастыру.


Жоспар:

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 48



1. Альдегидтер. Кетондар. Номенклатурасы. Изомериясы.
2. Оксотоптың құрылышы.
3. Оксоқосылыстардың химиялық қасиеттері.

3.Дәрістердің тезистері

Оксоқосылыстар




Цитраль көз емінде қолданылады.



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 49


2. Оксотолтың құрылышы, химиялық қасиеттері



Карбонилдік топтың көміртек және оттек атомдары sp^2 -будандасқан күйде болады, сондыктан да карбонилді топ және онымен байланысқан атомдар бір жазықтықта болады. π -байланыс P_z -орбитальдердің жабуымен түзіледі.

Оттек атомының бөлінбеген электрондар жұбы sp^2 -орбиталде болады, яғни P_z -орбиталдарға перпендикуляр және π -байланыспен қабысуга түспейді.

Карбонилді ($>C=O$) топтың π -байланысы өзара байланысқан атомдардың әртүрлі электртерістікте болуынан күшті полярленген:




Сондыктан көміртек атомы электрофилді және нуклеофилді реагентпен (теріс заряды бар бөлшекпен немесе гетероатомда бөлінбеген электрондар жұбы болатын, бейтарапты молекуламен) әрекеттеседі.


Сондыктан да карбонилді топтар үшін нуклеофилді қосылу реакциясы (A_N) тән, ал электрофилді қосылу реакциялары (A_E) үшін, $C=C$ байланыстардағыдай.




Судың қосылуы-(гидролиз, гидратация)-бұл қайтымды реакция. Сулы ерітіндідегі альдегидтің немесе кетонның гидратация дәрежесі олардың құрылымынан тәуелді. Әдетте гидратация өнімін бөліп алуға қол жетпейді. Мысалы, су ерітіндісіндегі құмырсқа альдегиді 99,9% артық гидратирленген, ал ацетон болса мұлдем гидратирленбеген.



Механизм:




Механизм:



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 51

Резонанссты (мезомерлік, шеттік) құрылымдар. Олар он зарядтың қалай делокализденетіндігін көрсетеді. Көміртек атомындағы он заряд карбонилдік белсенділіктің қүшейгені жайлы хабарлайды. Белсенділентен альдегид спиртпен әрекеттесуге түседі.




Түзілген катионның турақтануы протонды (катализаторды) болып шығарумен өтеді де жарты ацеталге айналады.

Гидроксинитрилдердің түзілуі


(көгерктіш немесе циансутекті қышқылдың қосылуы)

Сілтілер мен калий цианидінің (KCN) немесе көгерктіш қышқылдың (HCN) қатысуымен альдегидтерден немесе кетондардан α- гидроксинитрилдер түзіледі. Бұл процесс AN (нуклеофильдік қосылу).



Альдегидтердің полимеризациясы. Параформ, паральдегид.


Су ерітіндісіндегі формальдегид (36,5-37,5% формальдегидтің ерітіндісі-формалин) қышқыл қатысында қатты полимерге – параформға (ақ ұнтақ)-полимерленеді:




Косылу - бөліну реакциялары. Карбонилдік қосылыстардың аммиакпен әрекеттескен кезінде орынбаспаған тұрақсыз иминдер және оның құрамында >C=NH топ болады және олар $\text{H}_2\text{N-X}$ -типіндегі қосылыстармен әрекеттескенде орынбасқан тұрақты иминдер, немесе құрамында

$>\text{C}=\text{N}-\text{X}$ тобы бар, Шиффа негізі тұзіледі. Карбонилдік қосылыстардың гидроксиламинмен жүргетін реакциясы, құрамында $>\text{C}=\text{N}-\text{OH}$ тобы болатын оксимдердің тұзілуіне әкеледі.

Азоты бар туындылардың алынуын реакциялық қоспадан альдегидтер мен кетондарды белу үшін пайдаланады, өйткені олардың барлығы дерлік тұрақты да тек өзіне тән балқу температурасы бар болып келетін, криталдық зат.




Альдегидтердің аминдермен әрекеттесуі



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 53

Альдегидтердің аммиакпен әрекеттесуі
(гексаметилентетрамин)

Альдегид аммиакпен әрекеттескен кезде, тұрақсыздау альдегид-аммиактар сатысы арқылы жүретін, альдиминдер түзіледі:




Әдетте альдиминдер текса-1,3,5-триазинге тримерленеді (түйікталады):

Кұрамындағы α -жағдайда сутек атомы жоқ альдегидтер, мысалы, үшметил сірке альдегиді және бензальдегиді, альдолдық конденсация реакциясына түсуге қабілетті емес.




Альдолдық конденсация су молекуласының бөлінуімен (элимирнирленуімен) қатар жиі жүреді де α,β -қанықлаған альдегидтерді (кротондық конденсация) түзеді.




OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 54

Йодоформды сынама ($\text{Hal}_3\text{C}^\theta$ топтың гидроксид-ионмен нуклеофилді орынбасуы).

Йодоформдық реакцияның этаналмен жүретін сұлбасы:




Йодоформдық реакцияның петанон-2мен жүретін сұлбасы:



Ароматтық ядродагы оксотоптардың S_{E} реакциялардағы бағыттаушы және белсендісіздендіруші ықпалы.


Электронакцепторлық карбонилдік топ-М-пәрмен есебінен ароматтық сақинаның электрондық тығыздылығы азаяды, оның S_{E} реакцияларындағы реакцияласу қабілеттілігі төмендейді және екінші орынбасарын мета-жағдайға бағыттайды.



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 55

Альдегидтер мен кетондардың тотыгуы мен тотықсыздануы.



Альдегидтер өртүрлі тотықтырыштармен жәніл тотығады. Тотыгудың соңғы өнімі карбон қышқылы болады.



Альдегидтер біраз кейбір бейорганикалық қосылыстармен (KMnO_4 , CrO_3) де тотығады, яғни тотықсыздандырығыш ретінде болады.

Катализтік гидрлеу (сүтектендіру):

Альдегидтер мен кетондарға сутектің қосылуы гидрлеу катализатордың (Ni , Co , Cu , Pt , Pd т.б.) қатысында жүреді, осы кезде альдегидтер біріншілікті, ал кетондар-екіншілікті спирттерге ауысады. Спирттерді алудың бір өдісі осыған негізделген.



4.Иллюстрациялық мәліметтер: мультимедиа көмегімен презентация түрінде берілген, сонымен қатар дәріс кезінде кестелер қолданылады.

5.Әдебиеттер

Негізгі:

- Патсаев Ә.К. Органикалық химия: оқулық –Алматы: Эверо, 2015-616 бет.
- Дәуренбеков Қ.Н. Органикалық химия: оқулық 1,2 том, Ш: Әлем. 2016, 1т.- 500б., 2т.-432б.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 56

3. Органикалық химия. Т.1 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 320 бет. с. (Шифр 547/Д 22-174053); Органикалық химия. Т.2 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 388 бет. с. (Шифр 547/Д 22-897971); Органикалық химия. Т.3 : оқулық / Қ.Н. Дәуренбеков. - Алматы : New book, 2022. - 284 бет. с. (Шифр 547/Д 22-389228)

4. Сейітжанов Ә.Ф. Органикалық химия; оқулық, Ә.Ф. Сейтжанов –Алматы: ЭСПИ

Электрондық оқулықтар:

Патсаев А. К. Органикалық химия негіздері 2 кітап / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., 2020. - 313 с.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Оксотоптың электрондық құрылышын C=C- байланыспен салыстырыңыз.
2. 1,1-диэтоксипропан, 1,1-диметокси-2-метилбутан ацетальдарының алу реакциясын жазыңыз.
3. 1,1-диэтоксипропанның гидролиздену схемасын жазыңыз.
4. Сірке альдегиді және ацетонның гидроксиламинмен, гидразинмен әрекеттесу реакциясы схемасын жазыңыз.

Дәріс №9

1.Дәріс тақырыбы: Карбон қышқылдарының реакцияға түсү қабілеттілігі.

2. Мақсаты: Карбон қышқылы мен оның туындыларының химиялық қасиеттері туралы түсінікті қалыптастыру.

Жоспар:

1. Карбон қышқылы. Жіктелуі. Номенклатуrasesы.
2. Карбоксил тобы мен карбоксилат ионының құрылышы.
3. Карбоксил тобының реакцияға түсү қабілеттілігіне әсері.
4. Нуклеофильді орынбасу реакциясының механизмі

3. Дәрістердің тезистері

Карбон қышқылдары- ол бір немесе бірнеше сутек атомдары карбоксилді (-COOH) топқа орын алмасқан, көмірсутектердің туындылары.

Жіктеу.

А) Карбоксилдік топтың саны бойынша, құрамында бір карбоксилді тобы бар болатын, **бір (моно) карбонды** және екі карбоксилді тобы болатын, **екі (ди) карбонды** қышқылдарға бөледі.


Б) Көмірсутектік радикалдың табигатына орай карбон қышқылдары құрамында алкилді радикалы болатын, алифаттыларға (мысалы, қаныққан және қанықпағанға, сірке, янтар қышқылы); алицилдікке — циклогексанкарбон қышқылы; ароматтыға — карбоксилді топ тұра ароматтық ядромен байланысқан (бензой, фталь қышқылдарына), бөлінді.

Демек, карбон қышқылдарының жіктелуін осы мазмұндалған екі белгі бойынша жүргізеді. Мысалы май қышқылын CH₃CH₂CH₂COOH монокарбонды қаныққан алифаттық қышқылға жатқызады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы		044-5218
Дәрістер жиынтығы		80 беттін 57


Карбон қышқылдарының жеке өкілдері. Монокарбон қышқылдары.

A) қаныққан




метанды (құмырысқа) қышқылы

этанды (сірке) қышқылы




пропанды (пропионды) қышқылы




бутанды (майлы) қышқылы

метилбутанды (изовалерианды) қышқылы

B) қанықлаған





пропенди (акрилді) қышқылы



2-метилпропенди (метакрилді) қышқылы


ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 58

В) ароматты



транс-3-фенилпропенди (коричті) қышқыл

Г) алициклдік



циклогексанкарбон қышқылы

Дикарбонды қышқылдар


А) қаныққан

HOOC-COOH этандионды (қымыздық) қышқылы


HOOC-CH₂-COOH пропандионды (малонды) қышқыл

HOOC-CH₂-CH₂-COOH бутандионды (янтарь) қышқылы

Б) қанықпаган




цис-бутендионды (малеинді) қышқыл



транс-бутендионды (фумар) қышқыл

В) ароматтық



фталді қышқыл



терефталді қышқыл

Атаулары.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 59

Карбонды қышқылдар қатарында тривиалдық атаулар жиі қолданылады-құмырска, сірке және т.б. с.с, олар әуелгі бөлініп алынған тегімен байланыста болады.


Қазіргі кезде жүйелік ИЮПАК (атап айтқанда, орынбасарлық) атаулары мен радикалды-функционалдық атаулары жалпы қабылданған болып табылады.

Орынбасарлық атаулардың негізінде құрылымның түпкі тегін тандап алу жатыр. Аталуы түбірден (түпкі құрылымнан) тұратын, жұрнақтан, жалғаудан және қосымшадан құралған, күрделі сөз ретінде болады.


Карбон қышқылдары атауларының қалыптасуы COOH-топтан басталатын түпкі құрылымды нөмірлеуден басталып, ол үлкен сипаттамалық топ болады.

Егер радикалда басқа орынбасарлар болса, онда олар ең кіші нөмірді алады. Үлкен сипаттамалық COOH-топтың атауы жалғау түрінде беріледі: ды, ді, ты, ті. Түпкі құрылымның қаныққандығын өрнектеу үшін журнақты пайдаланады: "-ан"-көмірсүтектік қаңқаның қаныққандығын, "ен"-қос байланыстың болатындығын, "ин"-ұштік (ұш рет) байланыстың кездесетіндігін көрсетеді. Кіші сипаттамалық топтар, көміртекті емес сипаттамалық топтар және көмірсүтекті радикалдар альфавиттік реттегі сөз алдына қойылатын қосымшамен белгіленеді. Егер де бірнеше бірдей орынбасарлар немесе қанықпаған байланыстар болатын болса, онда сәйкесті белгілеудердің алдына көбейтуші ді-, три-, тетра- және т.б. қосымшалар қойылады.

Мысалы:




Май (майлы) қышқылы немесе орынбасарлық атаулар бойынша-бутанды қышқыл.



Алыну әдістері

1. Күрделі эфирлердің гидролизі:



2. Спирттер мен альдегидтердің тотығуы:






3. Нитрилдерден алу:


ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 60




4. Гринъяр реактиві арқылы алу:



Бензол гомологтарын тотықтырып ароматты карбон қышқылдарын алады:




α-Галогенорынбасқан карбон қышқылдарынан алифаттық қатардағы қанықпаған карбон қышқылдарын алу:




Карбоксилді топ(-COOH) екі функционалдық топтың біріккен, тіркесті түрінде болып келеді: карбонилді (C=O) және гидроксилді (-OH). Көміртек пен оттек атомдарының электр терістіктеріндегі өзгешілік салдарынан, барынша қозғалғыштау ретіндегі сияқты, π-байланыстың электрондық тығыздылығы, электртерістілігі басымдау оттек атомы жағына қарай ығысқан.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттің 61




Өз кезегінде, гидроксилді топтың оттек атомының да бөлінбеген электрондық жұбы электроны жетіспейтін карбонилді көміртек атомына ығысады (p,π -қабысу), ал бұл О-Н байланысының спирттерге қарағанда едәуір полярлі етеді.


Демек, карбоксилді топта үш бірдей реакцияласу орталығы болады:



Негіздермен жүретін реакциялардағы карбон қышқылдарының қышқылдық қасиеті (протонның H^+ бөлінуі) көріне бастайды, мысалы натрий гидроксидімен:



Карбон қышқылдары құштілеу қышқыл болып келеді де диссоциация кезінде соншалықты тұрақты анион түзілмейді



5. α -Көміртек атомындағы сутек атомдары қозғалғыштығының жоғарылауы. Карбоксилді топ, $-J$ -пәрменді тудыра отырып, α -көміртек атомындағы сутек атомдарының қозғалғыштығына әкеледі, бұл шамалы фосфордың катысында галогендеу реакцияларында (Гель-Фольгард-Зелинский реакциясында) және натрий алкоголяты катысындағы курделі эфирлердің конденсация реакцияларында (Гейтер-Кляйзенинг курделі эфирлік конденсациясында) көрінеді.


Гель-Фольгард-Зелинский реакциясы.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-5218
Дәрістер жиынтығы	80 беттін 62




6. Көміртек (IV) оксиді боліне жүретін реакцияларды, декарбоксилиреу реакциялары деп атайды.

Орынбаспаған монокарбондық қышқылдары өте қын декарбоксилиренеді. Натронды ізбестің қатысында натрий тұзымен қыздыруды талап етеді.



